

2023-2024 оқу жылындағы білімгерлердің
ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

30.05. 2024 ж.

«2022-2023 оқу жылындағы университет студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері туралы» есебі тыңдалып, Ғылыми кеңес анықтады:

2023-2024 оқу жылындағы университет студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

Студенттердің ҒЗЖ қатысу деңгейі 2023-2024 оқу жылында 33% қамтиды (2022-2023 оқу жылы – 33%). СҒЗЖ нәтижелері бойынша ғылыми үйірмелер мен проблемалық топтарға қатысушылар үлесінің тұрақталуы (2023-2024 оқу жылы – 17,7%, 2022-2023 оқу жылы – 18,7%, 2021-2022 оқу жылы – 19,9%), ҒЖБСҚЕК (2023-2024 оқу жылы – 25, 2022-2023 оқу жылы – 12) журналдарындағы жарияланымдар санының артуы, РФДИ (2023-2024 оқу жылы – 16, 2022-2023 оқу жылы – 31) журналдарындағы жарияланымдар санының азаюы, WoS (2023-2024 оқу жылы – 0, 2022-2023 оқу жылы – 1) журналдарындағы жарияланымдар санының азаюы, Scopus (2023-2024 оқу жылы – 10, 2022-2023 оқу жылы – 12) журналдарындағы жарияланымдар санының төмен көрсеткіштері бақыланады. Университетте және жоғары мектептерде ғылыми семинарлар жұмысы орындалды. Jas Galym, Startup Zhetysu, Enactus, республикалық СҒЗЖ және олимпиадаға қатысу бағытында жұмыстар жоспарға сәйкес орындалды.

Сонымен қатар, білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмысының деңгейін арттыру, білім беру бағдарламалары бойынша ұлттық рейтингті көтеру үшін білімгерлердің WoS, Scopus, РФДИ журналдарының базасында ғылыми мақалаларды жариялауды арттыру; халықаралық, республикалық студенттік байқауларда, олимпиадаларда, конференциялар мен жарыстарда жүлделі орындар санын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуі тиіс.

2024-2025 оқу жылындағы білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы Ғылыми кеңес ақпаратты талқылап, қаулы етеді:

1. Ғылыми үйірмелер мен проблемалық топтардың инновациялық жобаларды әзірлеуде, байқауларға қатысу және мақалалар жариялау бағыты бекітілген жоспар бойынша жүйелі жұмысын ұйымдастыру (жауапты – ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, жыл бойы);

2. Студенттердің ҒЗЖ қатысуына қызығушылығын арттыру үшін ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша жетістіктер туралы БАҚ әр жоғары мектеп бойынша 2-ден кем емес имидждік мақалалар жариялау (жауапты – ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, 01.12.2024 ж. дейін);

3. «Атамекен» білім беру бағдарламалары рейтингісінде және т.б. ұлттық және халықаралық рейтингтерде позицияларды жақсарту мақсатында WoS, Scopus, РФДИ базаларындағы жарияланым санын, онлайн олимпиадалар мен

байқаулардағы жеңімпаздар санын, патенттер мен авторлық куәлік санын арттыру бағытында жоғары мектептердің даму бағдарламасына сәйкес жұмыс жүргізу (жауапты – ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, жыл бойы);

4. Әр жоғары мектеп бойынша WoS және Scopus базаларындағы жарияланым саның 10-ға дейін арттыру (жауапты – жоғары мектеп декандары, 2024-2025 оқу жылы);

5. Жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған «Jas ғалым» байқауына әр факультет бойынша 5-тен кем емес жоба ұсыну (жауапты – ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, жыл бойы);

6. Стартап және «Jas ғалым» байқауы жобаларының сапасын көтеру және коммерцияландыру конкурстарына қатысу үшін Jetisu Hub-пен келісім-шарт аясында бірлескен жобалар әзірлеу, жобаларды инкубациядан өткізу, тренингтер жүргізу, қаржыландыратын конкурстарға қатысу белсенділігін арттыру (жауапты – ИСО директоры, ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, жыл бойы);

7. Enactus Zhetysu командасының Әлемдік Enactus World Cup чемпионатына дайындығын ұйымдастыру (жауапты – ҒҒЖКБ басшысы, ИСО директоры, жоғары мектеп декандары, колледж директоры, 01.10.2024 ж. дейін);

8. IGPA-дің IROS көрсеткішінің қолданылуын пилоттық тексеруден өткізу (жауапты – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, ҒҒЖКБ басшысы, ПЦЖА бөлімінің басшысы, 01.12.2024 ж. дейін).

Ғылыми Кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректорға жүктелсін.

Ғылыми Кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Н.К. Байгабатова

«Әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлімнің 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының есебі» мәселесі бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«30» мамыр 2024 ж.

«Әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлімнің 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының есебі» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

- Бөлім қызметімен студенттер мен ПОҚ қанағаттану дәрежесі (NPS) 91,5 %;
- Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы санынан волонтерлік қызметпен айналысатын студенттердің үлесі 34,51%;
- Университеттің, ауданның, қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын студенттердің үлесі 94%;
- Студенттік ұйымдардың, студенттік клубтардың, жастар ісі жөніндегі комитеттің қызметіне тартылған студенттердің жалпы санынан студенттердің үлесі 47%;

- Студенттердің жалпы санынан шығармашылық ұжымдарға тартылған білімгерлердің саны мен үлесі 69,4 (2907) %;

- Жатақханада тұратын студенттер саны 803 (746 бакалавр).

«Әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлімнің 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының есебі» бойынша **Ғылыми Кеңес шешімі:**

1) Әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлімнің 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған қызметі қанағатты деп есептелсін;

2) Ұзақ пайдалану мерзіміне байланысты бөлімнің материалдық-техникалық жарақтандыру бөлігін жаңарту (жауапты: әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлім, мемлекеттік сатып алу және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі, 01.01.2025 ж. дейін);

3) Түрлі іс-шараларды өткізу кезінде ұйымдастырушылық кезендерді қаржылық қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру (жауапты: қаржы-экономикалық бөлім, 01.01.2025);

4) Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындаудың қатаң шеңберін жасақтау (жауапты: ректор аппараты жетекшісі, жыл бойы);

5) Әлеуметтік интегралды GPA жедел енгізу мүмкіндігін қарастыру (жауапты: әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлім, спортклуб, академиялық мәселелер жөніндегі департамент, ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімі, 01.09.2024 ж. дейін);

6) «Ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар» бағытын күшейту мақсатында іс-шаралар бойынша Жол картасы әзірленсін (жауапты: әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлім, 01.09.2024 ж. дейін);

7) Жатақханада тұру Ережелері бойынша талаптар күшейтілсін (жауапты: әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлім, 01.09.2024 ж. дейін).

Ғылыми Кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – жастар саясаты жөніндегі проректорға жүктелсін.

Ғылыми Кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Н.К. Байгабатова

«Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму
бағдарламасының орындалу нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған Даму
жоспары туралы» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

30.05. 2024 ж.

Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасының орындалу нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған Даму жоспары туралы туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

1. Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасындағы анықталған көрсеткіштер бойынша:

- Өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын заманауи дағдылары бар кадрларды дайындау мақсаты аясында бітіруші білікті кадрлардың саны, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі, студенттердің көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттану дәрежесі бойынша жоспарланған көрсеткіштер толығымен орындалды;

- Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау міндеті аясында мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар саны, академиялық ұтқырлық бойынша серіктес жоғары оқу орындарында оқитын студенттер саны, шетелдік студенттер саны, халықаралық жарыстар, конкурстар жеңімпаздарының саны, мамандығы бойынша жұмысқа орналастырылған түлектер саны бойынша жоспарланған көрсеткіштер толығымен орындалған;

- Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету міндеті бойынша барлық жоспарланған көрсеткіштер орындалған;

- Әлемдік үрдістер контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту мақсаты аясында QS рейтингінің TOP-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім берудің білім беру бағдарламаларының саны бойынша жоспарланған көрсеткіш орындалмады;

- «Практиктер мен жұмыс берушілердің мамандарын тарта отырып, сараптамадан өткен және іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» міндеті бойынша барлық көрсеткіштер жоспарға сәйкес орындалған;

- «Университеттің білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру» міндеті бойынша шет елдердің жетекші жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларының саны көрсеткіші орындалмады;

- «Жоғары мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту» міндеті бойынша жоғары мектеп тарапынан жылда оқу зертханаларын дамытуға өтінімдер беріліп отырған, бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылған;

- «Кадрлық менеджмент және біліктілікті арттыру» міндеті бойынша барлық көрсеткіштер жоспарға сәйкес орындалған;

- Жоғары мектепті басқару жүйесін жетілдіру бағытында 4 адам менеджмент саласында біліктілігін арттырудан өткен;

Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін арттыру үшін ғылыми зерттеу жүйесін қалыптастыру міндеті аясында ПОҚ-ның Scopus, Web of Science платформасындағы рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар саны, авторлық куәліктердің саны жыл сайын орындалады;

- «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту» міндеті аясында 2023 жылы ЖОО базасында орындалатын Халықаралық ғылыми және білім беру жобаларының саны – 1.

- «Жетісу» академиялық артықшылық орталығын құру бойынша жоспарланған мақсаттық көрсеткіштер орындалмаған.

Жоғары мектептердің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасының орындалу нәтижелері мен жоғары мектеп қызметінің SWOT-анализі негізінде даму перспективалары анықталып, 2023-2029 жылдарға арналған даму жоспары әзірленген.

2. Даму бағдарламасының мақсаты Дене шынықтыру және өнер саласындағы білім мен ғылымның қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін кәсіби және ғылыми құзыреттерге ие, еңбек нарығында сұранысқа ие инновациялық-бағдарланған, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті педагог кадрларды даярлау үшін жағдайлар жасаумен байланысты таңдалған.

3. Даму бағдарламасында «Экономика үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау», «Нәтижелі ғылым» және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің инфрақұрылымы мен менеджментін жетілдіру» стратегиялық бағыттары бойынша мақсаттық көрсеткіштер айқындалып, даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары да құрылған.

«Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы даму бағдарламасының орындалу нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған даму жоспары туралы» мәселесі бойынша **Ғылыми Кеңес шешімі:**

1. Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебі бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары нақтыланып, күшейтілсін (ҚР ҒЖЖБМ және т.б. қаржыландырылатын конкурстарға қатысу, жыл сайын өтінімдер әзірлеу; ғылыми жарияланым санның арттыру) (жауаптылар: ДШЖӨЖМ деканы, ҒЗЖ декан орынбасары, орындалу мерзімі: жыл бойы);

2. ПОҚ-н академиялық артықшылық орталығы зертханаларының жұмысына тарту (жауаптылар: ДШЖӨЖМ деканы, БББ жетекшілері, орындалу мерзімі: жыл бойы);

3. Жоғары мектептің ПОҚ-ның жаппай ашық онлайн курстарын университеттік және республикалық платформаларда орналастыру (жауаптылар: ДШЖӨЖМ деканы, БББ жетекшілері, орындалу мерзімі: жыл бойы);

Шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңес Төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Н.К. Байгабатова

«Педагогика және психология жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы Даму бағдарламасының орындалу нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған даму жоспары туралы» мәселесі бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«30» мамыр 2024 ж.

«Педагогика және психология жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы Даму бағдарламасын орындау нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған Даму жоспары» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

- Педагогика және психология жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы Даму бағдарламасының негізгі көрсеткіштері жоспарға сәйкес орындалды;

- 2024-2029 жылдарға арналған Даму жоспарының негізгі стратегиялық бағыттары бойынша жұмыс үйлестірілуде;

- Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі 95% құрайды;

- 8D013 - «Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау» 8D01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі», 8D01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша диссертацияларды қорғауға және философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін құрылған Біріккен диссертациялық Кеңес жұмыс жасайды;

- «500 ғалым» бағдарламасы аясында 1 докторант Рединг университетіне (Рединг, Англия), 1 философия докторы (PhD), оқытушы-дәріскер Иллинойс университетіне (Чикаго, АҚШ) ғылыми тағылымдамадан өтуде;

- 2020-2025 жылдар аралығында 5 гранттық қаржыландыру негізінде жоба орындалған және орындалып жатыр. Ұтқан қаржы көлемі: 117 626 196 тг.;

- Жоғары мектеп білімгерлері 2023 жылы Республикалық СҒЗЖ конкурстарында 5 жүлделі орынға ие болды;

- Жоғары мектепте 3 оқу зертханалары мен инклюзивті білім беру кабинеті бар.

Сонымен қатар, келесі мәселелер анықталды:

1. ПОҚ құрамында 9 адам зейнеткер жасында болғандықтан (оның ішінде 2 доктор, 6 ғылым кандидаты) кадр тапшылық мәселесі туындайды.

2. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының контингенті аз болғандықтан, жабылу қауіпі бар.

3. Студенттер арасында сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы толыққанды жүзеге асырылмауы.

«Педагогика және психология жоғары мектебінің 2021-2023 жылдардағы Даму бағдарламасының орындалу нәтижелері және 2024-2029 жылдарға арналған даму жоспары туралы» мәселесі бойынша **Ғылыми Кеңес шешімі:**

1. QS рейтингісінде ТОП 700 қатарына кіретін жоғары оқу орнымен кемінде бір қос дипломды білім беру бағдарламасын ашу бойынша келіссөздер жүргізу (жауаптылар: ППЖМ деканы, БББ жетекшілері; орындалу мерзімі: 01.05.2025 ж. дейін);

2. Кадр тапшылық мәселесін шешу мақсатында ғылыми зерттеу институттарынан жетекші ғалымдарды қосымша атқарушы ретінде және ЖОО аяқтаған магистранттар мен докторанттарды жұмысқа тарту (жауаптылар: ППЖМ деканы, БББ жетекшілері; орындалу мерзімі: 01.09.2024 ж.);

3. Талапкерлер санын көбейту бойынша «Мансап және жұмысқа орналастыру» орталығымен бірлесіп қала, облыс мектептері және колледждерде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын нығайта түсу, «Мектепке дейінгі оқыту және логопедия» білім беру бағдарламасын ашу (жауаптылар: ППЖМ деканы, БББ жетекшілері, ПОҚ құрамы; орындалу мерзімі: 2024-2025 оқу жылы);

4. Көптілді білім беру бағдарламаларында ағылшын тілінде дәріс окитын профессор-оқытушылар құрамының санын арттыру, IELTS сертификатын талап ету (жауаптылар: ППЖМ деканы, БББ жетекшілері; орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін);

5. Білім беру бағдарламалары бойынша студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуын қамтамасыз ету (жауаптылар: ППЖМ деканы, БББ жетекшілері; орындалу мерзімі: жыл бойы);

6. Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарда жарияланған ғылыми мақалалар санын арттыру (жауаптылар: ППЖМ деканы, БББ жетекшілері, ПОҚ құрамы; орындалу мерзімі: 2024-2025 оқу жылы).

Шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми Кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Н.К. Байгабатова